

## **Орал-Каспий балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының қарамағына беру жөнінде**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 қараша 1994 ж. N 1252

Балық шаруашылығын ғылыми қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы мен "Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясының Орал-Каспий балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясының қарамағына беру және оны Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Атырау бөлімшесі етіп қайта құру жөніндегі Атырау облысының әкімімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Ғылыми-зерттеу институтын қайта құру Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясына ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін бөлінген бюджеттік қаржылар мен басқа да лимиттер шегінде жүргізілсін.

2. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы бір айлық мерзім ішінде берілген ғылыми мекеменің ғылыми қызметінің негізгі бағыттары мен ұйымдық құрылымын белгілейтін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі